«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ильясова Назгул Бултириковнаның ««Һибатул-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Диссертациялық жұмыс төмендегідей ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жазылған. 1) «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.) атты халыққа жолдауда айтылған Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту мен ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру міндеттеріне сәйкес келеді; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалардың мақсаттарын көздейді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация ешқандай мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған заңдар негізінде жүргізілген. Аталған зерттеу жұмысы Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде "Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытына толық сәйкес келеді; ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» міндеттеріне сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес **қоса алады**, оның маңыздылығы **жан-жақты ашылған**. Атап айтқанда: тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология және салыстырмалы тарихи грамматикаға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізуде өзіндік ерекшеліктерін қоса алады. Ғылыми ізденістің нәтижелері лингвотекстология жайындағы ғылыми ой-пікірлерді толықтырады; ЖОО білім алушыларына арналған оқулықтары мен оқу құралдарын жазуға теориялық материал болады; тарихи жазба мәтін тілін зерттеудің маңыздылығын көрсетіп, мәтіннің лингвотекстологиялық парадигмасын, оның ішінде лингвопоэтика, функционалды грамматика бағыттарын теориялық тұрғыдан кеңейтеді. Сол себепті ұсынылып отырған зерттеу жұмысы түркітанудағы, жалпы тіл біліміндегі маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс өзі жазу қағидаты тұрғысынан **жоғары** деп бағаланды. Жаңа ғылыми парадигмаға сай тарихи мәтін тілін зерттеуде негізгі назар тілдік категориялар мен статистикалық сипатын анықтауға маңызды ұғымдар мен тәсілдер, нұсқалар арасындағы өзгешеліктерді анықтау басты негізге алынған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	1) Диссертацияның өзектілігі негізделген, ішкі бірлік принципі сақталған; зерттеу жұмысындағы ескерткішке жүргізілген статистикалық және лингвотекстологиялық талдау, ескерткіш тіліндегі сол замандағы халықтардың тілдік үлесінің басымдылығын айқындау арқылы, тілдік фактілерді бөле отырып, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық көріністерді нақты анықтауы зерттеу жұмысының өзектілігін аңғартады.
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы бірін-бірі **толығымен айқындайды**. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы «Һибатул-ул хақайық» ескерткіші тілінің лингвотесктологиялық парадигмасын анықтауға арналған. Осы тарауда «Һибатул-ул хақайық» ескерткішінің зерттелуі, тарихи нұсқалары, нұсқалар арасы ерекшеліктері, көшіру мен жариялау барысында кеткен кемшіліктер мен қателіктер ғылыми теориялық тұрғыдан жеткілікті түрде айқындалған. Зерттеу жұмысының екінші тарауы тарихи жазба мәтін нұсқалары арасындағы морфологиялық категориялардың қолданысы мен статистикалық сипатын айқындауға бағытталған. Аталған тарауда мәтіннің нұсқалары арасындағы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктер мен көмекші сөздердің ерекшеліктері ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан, статистистикалық тұрғыдан жан-жақты талданған. Диссертациялық зерттеу жұмысының соңында зерттеу барысында қолданылған фотокөшірмелер мен ғалым Б.Сағындықұлының сыни еңбегі берілген. Зерттеу жұмысының екі тарауы да диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**. Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына сәйкес нақты міндеттер шешілген, атап айтқанда, Ахмет Игүнекидің «Һибатул-ул хақайық» дастаны лингвотекстологиялық және статистикалық аспектілерде зерделенген. Осы мақсатта түркітанудағы лингвотекстология саласындағы ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі кешенді зерттеудің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, ескерткіш тілін лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу; ескерткіштің А, Ә, Б нұсқаларының көшірмелерін өзара салыстырып, ұқсастық және айырмашылықтарын айқындау; А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдау; көне қыпшақ тілі сөздерінің, көне қыпшақ фразеологизмдерінің жаппай жалпы түркілік сөздерге немесе араб-парсы сөздеріне ауыстырылуының негізгі себептерін анықтау; ескерткіш мазмұнында бұрмаланған бәйіттерді Ахмед Йүгінекидің авторлық қолданысын көшірмешілер нұсқалары негізінде бастапқы қалпына келтіру; тарихи жазба мәтін нұсқаларындағы сөз таптарының қолданылуын, түрлену жүйесін қарастырып, статистикалық сипатын анықтау сынды жұмыстар атқарылған. Диссертантың зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, әрбір тараушаның соңында жасаған ойтүйінінен, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Ізденушінің алға қойған мақсат-

			міндеттері диссертацияда шешімін тапқан және **сәйкес келеді**.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 2 тарау, 11 тараушадан тұратын зерттеу жұмысы бір-бірімен **толық байланысқан**. Диссертантың зерттеу жұмысында бөлімдер аралығында логикалық-мазмұндық байланыс сақталған, зерттеуде ғылыми ой жүйелі, бірізділік сақталған. Сондай-ақ жасалған теориялық тұжырымдары, әр тараушаның соңына берілген ойтүйіні, тарау соңындағы қорытындылары, әрбір практикалық талдаулары да бөлім тақырыбымен өзара толық байланысқа құрылған.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, **сыни тұрғыдан талдаулар** ұтымды ұсынылған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеудегі ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа**. Диссертация негізінде алынған төмендегі нәтижелер:
		1) **толығымен жаңа;**	1. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіші нұсқаларының көшірмелері өзара салыстырылды, ұқсастық және айырмашылықтары айқындалды – жаңа;
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	2. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдаудың нәтижесі ескерткіш тілінде оғыз тілі элементтерінің басымдығын көрсетеді - жаңа; 3. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізудің нәтижесі көне қыпшақ сөздері және көне қыпшақ фразеологизмдері ескерткіштің қолжазба нұсқаларынан мақсатты түрде ығыстырылғандығын, бірқатар оғыз сөздері де алмастырылғандығын көрсетеді - жаңа; 4. Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттерді лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтіру барысында көне қыпшақ тілін білмегендіктен яки түсінбегендіктен көшірмешілер бір алуан бәйіттердің идея-мазмұнын бұрмалап, мүлдем өзгертіп жібергендігі анықталды – жаңа; 5. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне морфологиялық аспектіде талдау жүргізудің нәтижесі дастандағы оғыз-қыпшақ тілі лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілгендігін, дастан қолжазбаларында таза оғыздық-қыпшақтық грамматикалық белгілердің сақталғандығын айқындайды. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптар қолданысы оғыз тілі сөздерінің жалпы түркі сөздерімен немесе араб-парсы сөздерімен ауыстырылуының негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудегі статистикалық талдаулар, «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығын көрсетіп, жазба ескерткіштер тілін жүйелі талдауға

			көмектеседі – жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылды.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Технологиялық шешімдер жартылай жаңа және негізделген. Шешімдердің негізделуі **77%** - дық үлесте жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ізденушінің диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген. Зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, нақты дәлелдемелермен дәйектелген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	1)Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденген. **Бірінші тұжырым** Түрколог ғалымдар Р. Арат, Қ. Махмудовтың ескерткіш тіліне жасаған транскрипцияларын және Б. Сағындықұлы жасаған авторлық нұсқаның (сыни, тұрақты мәтінді) оғыз-қыпшақ тілінің көне формасы деп танылуы, ескерткіш тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізу арқылы анықталуы, көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлық нұсқалары бойынша авторлық нұсқаны қалпына келтіруде тың деректердің нақтылануы сенімді дәлелденген, **тривиалды емес,** жаңа қолдану деңгейі
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	кең, мақалада дәлелденген; **Екінші тұжырым бойынша** ескерткіш нұсқаларының көшірмелерінің өзара салыстырылуы, ұқсастық және айырмашылықтарының айқындалуы тұрғысынан, **тривиалды емес,** жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген; **Үшінші тұжырым бойынша** «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктердің сарапануы, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерінің талдануы арқылы ескерткіш тілінде оғыз тілі элементтерінің басымдылығының көрсетілуі сенімді дәлелденген, **тривиалды емес,** жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген; **Төртінші тұжырым бойынша** Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізудің негізінде алынған нәтижелер сенімді дәлелденді, **тривиалды емес,** жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген; **Бесінші тұжырым бойынша** Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттерді лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтіру барысында көне қыпшақ тілін білмегендіктен немесе түсінбегендіктен көшірмешілер бірқатар бәйіттердің идея-мазмұнын бұрмалап, мүлдем өзгертіп жібергендігінің анықталуы сенімді дәлелденді, **тривиалды емес,** жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. **Алтыншы тұжырым бойынша** «Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			морфологиялық аспектіде талдау жүргізудің негізінде қол жеткізілген нәтижелер мен зерттеудегі статистикалық талдаулар, «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығының көрсетілуі сенімді дәлелденді, **тривиалды емес,** жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген;
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, Диссертациялық жұмыстың **әдіснамалық қыры нақты әрі ұтымды** берілген. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне түркітану ғылымындағы мәтінге қатысты, лингвотекстологиялық зерттеулер мен статистикалық саралауға қатысты зерттеушілердің еңбектері жан-жақты қарастырылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1**) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының дереккөздері мен **ұсынылған ақпараттың дәйектілігі жоғары**. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Диссертацияны жазу барысында деректанулық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және мәтіндерді қалпына келтіру (сыни мәтін), өңдеу, сұрыптау, аудару, бақылау, сипаттау, жалпылау, топтастыру, жүйелеу тәсілдері қолданылған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» А, Ә, Б нұсқаларындағы 3000-ға жуық тілдік бірлік іріктеліп алынды. Сонымен қатар, Р. Арат, Қ. Махмудов жасаған транскрипциялар және профессор Б. Сағындықұлы құрастырған авторлық вариант (сыни, тұрақты мәтінде) алынған. Мәтін текстологиясы саласындағы іргелі еңбектерді жан-жақты қарастыра отырып негізгі теориялық қорытындылар мен тұжырымдар жасалған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді **ғылыми әдебиеттерге сілтемелер** жасау арқылы көрсетілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға **жеткілікті**. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қоса алғанда 134 әдебиет көзі пайдаланылған және барлығына сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыста қол жеткізілген нәтижелер мен теориялық тұжырымдар мәтінтану, лингвотекстология, тарихи лексикология, сондай-ақ тарихи грамматика саласын жаңа мәліметтермен толықтырады. Түркітану ғылымының лингвотекстологиялық парадигмасын, оның ішінде лингвотекстология, тарихи лексикология, тарихи грамматика бағыттарын теориялық тұрғыдан кеңейтеді.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді **практикада қолдану мүмкіндігі жоғары**.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Жұмыстың практикалық тұрғыдағы **маңыздылығы жоғары**.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады. Жұмыста пайдаланылған сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы - дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. 2 тарау бойынша морфологиялық категориялар қолданысындағы үстеу жеке сөз табы ретінде қарастырылмағандығы байқалады; 2. Кіріспе бөлімін стильдік тұрғыдан тағы бір қарап өткен жөн.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының саны – 11. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 4 мақала, халықаралық конференцияларда және шетелдік журналдарда 6 мақала жарияланды. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ильясова Назгул Булгириковнаның ««Һибатул-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін **Ильясова Назгул Булгириковнаға** философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.

Ресми рецензент:
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Түркітану кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

(қолы)

Бегимова Гулжанат Абдрахмановна
(аты-жөні)

17.02.2025

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«____» _____ 20____ г.